



**«Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжі»
мекемесінің**

ЖАРҒЫСЫ

Ұйымдық-құқықтық нысаны

Мекеме

Меншік түрі:

Жеке меншік

Орналасқан жері:

130000, Қазақстан Республикасы,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17
шагын аудан, № 88 ғимараты

Ақтау қ. 2022 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл жарғы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, бұдан былай «Колледж» деп аталатын, толық атау төменде көрсетілген заңды тұлға – коммерциялық емес ұйымның қызметін реттейді.

1.2. Колледж Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «білім туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңдарына сәйкес құрылған.

1.3. Колледждің атауы:

Мемлекеттік тілінде: ««Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжі» мекемесі.

Орыс тілінде: учреждение «Инновационный колледж педагогики и сервиса «Асмет Ұлас»»

1.4. Колледждің орналасқан жері: 130000, Қазақстан Республикасы, Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, № 88 ғимараты.

1.5. «Колледждің» құрылтайшысы болып Болатбаева Тлектес Аманкосовна Қазақстан Республикасының азаматы, № 017880212 жеке күелігі Қазақстан Республикасының ӘМ 07.01.2005ж. берілген, тұрақты жері: Жаңаозен қаласы, «Астана» шағын аудан, М.Дулатов көшесі, 9 үй, табылады.

II. Ұйымдық-құқықтық формасы.

2.1. Колледж заңды тұлға болып табылады, толық шаруашылық дербестігіне ие, озін-өзі қаржыландыру мен өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейді, дербес тенгерімі бар, өзінің атауы жазылған мөрі бар, рәміздері, мөртабаны, банкте шоты бар.

2.2. Колледж өз қызметін жүзеге асыру үшін құқығы бар:

- азаматтық мәмілелер жасасуға;
- занды және жеке тұлғалармен шарт жасасуға;
- мұлік және жылжымайтын мұлік сатып алуға;
- сот органдарында талапкер және жауапкер болуға;
- оку орнының құрылымын дербес қалыптастыруға, оку сабактарының формаларын анықтауға;
- филиалдар, басқа қалаларда оку-консультациялық пункттерін ашуға;
- лицейлер, мектептер, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелер, жұмыс орта буын мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі оку-консультациялық пункттер;
- окулықтар, оку құралдарын, оку-әдістемелік құжаттарды, оку жоспарлары мен бағдарламалар жасақтау;
- КР заңнамасына сәйкес жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;
- гуманитарлық қызметті жүргізуге.

III. Колледждің қызметінің мәні мен мақсаты

3.1. Колледждің қызметінің мәні жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оку бағдарламаларын іске асыруы болып табылады.

3.2. Колледждің қызметінің мақсаты қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтердің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлау болып табылады.

3.3. Студенттердің сыныптарын құру тәртібін Колледж дербес белгілейді, оқыту кемінде бес адамнан тұратын сыныптарда жүзеге асырылады.

IV. Іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесі

4.1. Өз қызметінде «Колледж» жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырады.

4.2. Оқу орындарына түсуге даярлық, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, жеке репетиторқызметі.

V. Колледжге қабылдану тәртібі

5.1. Колледжге оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережесімен белгіленеді.

5.2. Колледжге оқуға қабылдану конкурстық негізінде азаматтардың өтініші бойынша жүзеге асырылады. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауга кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейде кәсіптік оқу бағдарламаларын менгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

5.3. Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ техникалық және кәсіптік кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардың құрамына алуға конкурс өткізу кезінде:

1) Алтын белгі белгімен марапатталған адамдардың;

2) Білім беру саласындағы үәкілетті орган тізбесін айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы женімпаздарының, сондай-ақ өздері тандаған мамандықтары олимпиадалардың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) женімпаздарының басым құқығы бар.

Білім беру гранттарын алуға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балалардың, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға болатын жағдайда I және II топтағы мүгедектердің, женілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдардың, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек-балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, атtestаттары, дипломдары) бар адамдардың басым құқығы бар.

5.4. Колледжге оқуға түсү кезінде:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін-1%;

2) женілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін-0,5%;

3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін-30%;

4) Қазақстан Республикасы азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін-2%;

жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдау үшін квота көзделеді-1%.

5.5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды мамандығы мен біліктілігі бойыншаколледжге қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтама) ұсынымдары мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып жүзеге асырылады.

“Женіл және орташа ақыл-ой кемістігі” диагнозы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларды окуға қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысын ескере отырып жүзеге асырылады.

5.6. Колледжге окуға қабылдау тәртібін «Білім беру туралы» Занымен және қабылдаудың тиісті үлгілік ережелерімен реттелмеген бөлігінде құрылтайшысы белгілейді.

5.7. Окуға түсken адамдармен Колледж үлгі нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін шарт жасасады.

5.8. Колледж тыңдаушылары мерзімінен бұрын келесі жағдайларда шығарылады: жеке арыздары бойынша, педагогикалық кеңес шешімімен, жүйелі түрде сабактан қалғандықтан әкімшілік шешімімен, шарттың талаптарын бұзғаны үшін, ішкі тәртіп ережелерін өрекел бұзғаны үшін, құқыққа қарсы мінез-құлық, аттестация қорытындылары бойынша.

VI. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі, оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабак режимі

6.1. Колледждегі оқу және тәрбие процесі жұмыстық оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Колледж жүзеге асыратын оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен есепке алу оқу және тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Колледждегі оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің графигі мен теориялық және практикалық кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Колледждегі оқу және тәрбие жұмыстарының есебі теориялық және өндірістік оқытуудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

6.3. Колледже тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Колледже нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшылықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

6.4. Оқу және тәрбие процесі білім алушылардың педагог қызметкерлердің адамгершілік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

6.5. Өскерге щақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери даярлығы Колледже Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6.6. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабак режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген Колледж бекітетін ережелермен айқындалады.

6.7. Колледждің сабак кестесінде білім алушылардың тамақтануы және белсенді тынығы үшін ұзактығы жеткілікті үзіліс жасалуы көзделуге тиіс.

6.8. Колледждегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституациясына және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6.9. Қашықтықтан оқыту технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру тиісті білім беру деңгейлеріне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

6.10. Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезіндегі оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын білім беру ұйымдары өз бетеніше белгілейді.

6.11. Білім беру саласындағы үәкілдегі органның ұсынуы бойынша оқу кезінде шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде:

1) оқытуши мен білім алушының байланысы арқылы жүзеге асырылатын оқу сабактарының болмауы;

2) өндірістік оқытуды және (немесе) кәсіптік тәжірибелі мамандықтардың ерекшеліктеріне карай тәжірибе жетекшілерімен жанама (қашықтықта) өзара байланыс жасай отырып толық немесе ішінара қашықтықтан ұйымдастыру.

6.12. Қашықтықтан білім беру технологиясы арқылы қашықтықтан оқыту сабактары онлайн, оффлайн және студенттердің өздік жұмыстарымен жүзеге асырылады.

6.13. Кадрларды даярлауда икемділікті қамтамасыз ету үшін техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары арқылы академиялық дербестік енгізілді (МЖБС).

6.14. Колледж жұмыс берушілермен бірлесіп кәсіптік стандарттар негізінде және өнірлік ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқытудың мерзімі мен траекториясын анықтайды. Жұмыс берушілердің өтініші бойынша оқу уақытының көлемін және оқу бағдарламаларының мазмұнын өзгертуге, қосымша пәндерді (кәсіптік модульдер) енгізуге құқығы бар.

6.15. Білім беру оқу жоспарларының мазмұны білім алушылар мен түлектердің білім, білік және тәжірибелік дағдылар деңгейін бағалаудың халықаралық талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында WorldSkills талаптарын (стандарттарын) қарастырады.

VII. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және корытынды атtestаттау жүйесі, оларды өткізуің нысандары және тәртібі

7.1. Колледж білім алушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын менгеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және білім алушыларды аралық атtestаттауды жүргізуің нысандарын, тәртібін және мерзімділігін тандауга дербес болады.

Колледж білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және білім алушыларды аралық атtestаттауды жүргізуің нысандарын, тәртібін және мерзімділігін тандауга дербес болады.

7.2. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын менгеру білім алушыларды міндетті корытынды атtestаттаумен аяқталады.

7.3. Колледж кәмелетке толмаған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне оқу және тәрбие процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7.4. Түлектерді жұмысқа орналастыруға колледж кепілдік бермейді.

VIII. Ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары

8.1. Қызметкерлер еңбек ету құқығын жұмыс берушімен жазбаша нысанда еңбек шартын жасасу арқылы жүзеге асырады. Қызметкер 3 айдан аспайтын сынақ мерзімімен жұмысқа қабылдануы мүмкін. Сынақ мерзімімен қабылдау еңбек шартында және бұйрықта көрсетіледі.

8.2. Мұғалімнің сыртқы бейнесіне қойылатын талаптар: классикалық киім үлгісі

8.3. Білім алушының сыртқы бейнесіне қойылатын талаптар:

1) Ұқыптылық пен тазалық, келісті шаш үлгісі.

2) Классикалық стильдегі киім үлгісін сактау – үсті ақ, асты қара. Киім үлгісінде негізгі түске сәйкес келетін немесе мектеп формасының түсіне сәйкес классикалық галстук қолдану.

Ер балалардың мектеп формасына кіреді:

Кеудеше, шалбар, жейде. Ер балаларға арналған шалбар еркін балақты және ұзындығы бойынша тобықты жабу.

Қыздарға арналған мектеп формасына мыналар кіреді:

Кеудеше, белдемше, шалбар, классикалық жейде. Қыздарға арналған шалбар еркін балақты және ұзындығы бойынша тобықты жабу.

8.4. Ер балалар мен қыздардың спорттық формасына кіреді: спорттық костюм (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовка)

8.5. Әртүрлі конфессиялардағы діни бірлестіктердің киім элементтерін қосуға, хиджаб, діни киімдерді және әртүрлі бас киімдерді киуге оқу барысында тыйым салынады.

8.6. Дене бөліктерін ашуға (ішін, белін, кеудесін), қатты және қанық боянуға, көзге түсетең әшекейлер, пирсинг тағуға тыйым салынады.

8.7. Педагогикалық кеңестің шешімімен, колледж басшысының бұйрығымен студенттер келесі жағдайларда оқудан шығарылуы мүмкін:

- жеке өтініші бойынша;
- басқа білім беру үйіміна ауысуына байланысты;
- аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үш қанағаттанарлықсыз бағадан жоғары болса;
- денсаулық жағдайы бойынша белгіленген үлгідегі медициналық қорытынды негізінде;
- осы Жарғының, оқу тәртібін, колледж студенттерінің тәртібі ережелерін, ішкі тәртіп ережелерін бірнеше рет бұзғаны үшін;
- колледж ғимаратында алкогольдік, есірткілік немесе басқа да уытқұмарлық масан қүйде болу;
- бұйрықта белгіленген мерзімде академиялық демалыстан босатылғандар;
- занды күшіне енген сот үкіміне сәйкес студентті бас бостандығынан айыруға соттау;
- студенттің қайтыс болуына байланысты;
- келісімшарт негізінде студенттің шарт талаптарын орындағаны үшін;
- басқа аймаққа көшуге байланысты;
- басқа жағдайларда.

IX. Колледждің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

9.1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қабылдау талаптарына сәйкес білім беру үйымдарын және білім алу нысандарын таңдауға құқығы бар.

9.2. Білім алушылардың:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) Колледж кенесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шенберінде жеке оку жоспарлары, қыскартылған білім беретін оку бағдарламалары бойынша окуға;

3) оку жоспарларына сәйкес баламалы курсарды таңдауға;

4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне карай косымша білім беру қызметтерін, білімдерді ақылы негізде алуға;

5) Колледжді басқаруга қатысуға;

6) қайта қабылдануға және бір оку орнынан басқасына, бір мамандықтан басқасына немесе окудың бір нысанынан басқасына ауысуға;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Колледже ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен және оку-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорт, оку, акт залдарын, кітапхананы тегін пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алуға;

10) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

11) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

12) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

9.3. Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру үйымдарының күндізгі оку нысаны бойынша білім алушыларының:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден баска) женілдікпен жол жүргүре;

2) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.

9.4. Медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс берілуі мүмкін.

9.5. Азаматтар бітірген білім беру үйымдарының меншік нысандарына қарамастан, келесі деңгейдегі білім беру үйимінде тұсу кезінде бірдей құқықтарға ие болады.

9.6. Білім алушыларды оку процесінен аландатуға жол берілмейді.

9.7. Білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да женілдіктер беріледі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың қысқы және жазғы каникул кезінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден баска) көлігінде женілдікпен жол жүргүре құқығы бар.

9.8. Білім алушылар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Колледждің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

9.9. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндettі.

9.10. Білім алушылар педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндettі.

9.11. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға Колледждің ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

9.12. Сабакқа қатысу тәртібін, аттестациялауды бұзғаны үшін қарыздарды өтеу ережесіне сәйкес білім алушыларға, келісімшартқа, қосымша келісімдерге сәйкес ақылы шаралар қолданылады.

9.13. Колледже білім алушылардың науқастануын болдырмау, денсаулығын нығайту, тән саулығын жетілдіру, салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

9.14. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулық жағдайына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Колледж медициналық пункттер үшін үй-жайлар ұсынады.

Білім алушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Колледж білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

9.15. Колледждің педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтіп тұруға міндettі.

9.16. Колледже білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру үшін жағдай жасалады. Тамақ сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

9.17. Колледже оқытудың, тәрбиелеудің, енбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік директорге жүктеледі.

9.18. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын тандауга;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алудың құқығы бар.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дene күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге, ал алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;

3) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге;

4) балалардың оқу орнындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге міндettі.

X. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Колледже педагогикалық қызметпен тиісті кәсіптік білімі бар азаматтар айналысуга құқылы.

10.2. Тиісті кәсіптік білімі жоқ азаматтарға педагогикалық қызметпен уақытша айналысу құқығы колледж кеңесінің шешімімен өндірістік қажеттіліктерге байланысты, қажетті мамандар болмаған жағдайда ғана беріледі.

10.3. Педагог қызметкерүйімда кәсіби қызмет аткару және колледжben енбек қатынастарында болу кезеңінде педагог мәртебесіне ие болады.

10.4. Қарым-қатынас сипаты мен тәртібі, енбекақы төлеу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа қабылдау кезінде тараптар жасайтын нақты енбек шарттарында айқындалады.

10.5. Енбекақы төлеу нысандарын, жалақыны, сыйлықақылар жүйесін және басқа да сыйақыларды құрылтайшы белгілейді.

10.6. Колледждің оқытушылық құрамы үшін орындалатын жұмыстың сапасын, педагогикалық кадрлардың болуын және оку кезеңінде оларды қайта жасақтау мүмкіндігін ескере отырып, сол оку орнында белгіленген сағат нормасынан артық орынданай алатын оку жүктемесіне шектеу орнатылмаған.

10.7. Колледж қызметкерлерінің құқығы бар:

- педагогикалық қызметпен айналысу, кәсіби қызметтің шарттарымен қамтамасыз ету;
- педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен формаларын мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты сақтай отырып еркін таңдау;
- лауазымды тұлғалардың және басқалардың заңсыз араласуынан және кедергілерінен корғау;
- Мекеменің басқару органдарының жұмысына қатысу;
- бес жылда бір реттен кем емес мерзімге біліктілігін арттыру төрт айдан аспайды;
- санатты көтеру, жоғарылату мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау;
- ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстармен айналысу, педагогикалық тәжірибеле жаңа әдістер мен технологияларды енгізу;
- өз кәсібіне және студенттердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің лайықты мінезд-құлқына құрметпен қарау;
- ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау;
- Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, шығармашылық бастама, авторлық бағдарламалар мен білім беру мен тәрбиелеу әдістерін әзірлеу және қолдану, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін әзірлеу және тарату;
- педагог қызметкерлер үшін 56 күнтізбелік ақылы демалыс күні белгіленген;

- «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге калдыру;
- Мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдану;
- педагогикалық қызметте табысқа жету үшін материалдық және моральдық қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқыктар.

10.8. Қызметкерлер міндетті:

- білім алушылардың мемлекеттік стандарттан төмен емес дәрежеде білім ауына қол жеткізу;
- білім алушылардың жеке және шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамытуға ықпал ету;
- өз біліктілігін көтеру;
- бес жылда бір реттен кем емес аттестациядан өту;
- педагогикалық әдеп нормаларын және ішкі еңбек тәртібі ережелерін сактауга;
- білім алушылардың және олардың ата-аналарының ар-намысы мен абырайын құрметтеуеге;
- салауатты өмір салтын ұстану және оны білім алушылар арасында насиҳаттау;
- Мекеменің осы Жарғысын сактауга;
- еңбек шартының талаптарын сактауга.

10.9. Педагог міндеті мен педагогикалық этика нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көрсетілген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

10.10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді кәсіби міндеттіне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

10.11.Білім беру мекемесінде сот үкімі және медициналық қорытынды бойынша тыйым салынған, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе қайтарылмаған сottылығы бар педагог қызметкерге жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

10.12. Басшының бұйрығымен циклдік комиссияны, оку тобын, аудиторияларды, тиісті пәндер бойынша үйрмелерді басқару мүғалімдерге жүктелуі мүмкін.

XI. Мүлкін қалыптастыру көздері

11.1. Колледждің мүлігі оку жүргізуді үйімдастыру үшін қажетті оның тенгеріміне құрылтайшымен берілген үйлер, ғимараттар, жабдықтар және ақшалай қаражаттар, сонымен қатар өз қаражаттары есебінен қалыптастырылады.

11.2. Колледждің құқықтары сонымен қатар өз еркімен қайырымдылық, спонсорлық көмек ретінде түсken заттарға, ақшалай қаржыларға пайда болуы мүмкін.

XII. Ақылы қызметтердің тізбесі және тәртібі

12.1. Колледж жарғыға сәйкес табыс әкелетін қызметімен білім беру және басқа ақылы қызмет есебінен айналыса алады.

Қызмет көрсетудің және жұмыстардың бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

Колледж ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды және қызметтер көрсетуді) өткізуден, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының шенберінде оқытудан түсken кіrістерді, құryлтайшылардың қaражаттарын және заннамамен тыйым салынбаған басқа да каржыландыру көздерін дербес пайдаланады.

12.2. Колледждің және білім алушының, оның ата-анасының немесе өзге де занды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі. Ақылы негізде тауарлар (жұмыстар және қызметтер көрсету) ұсынуға арналған ұлгілік шарттың нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

12.3. Колледж лабораторияларында, оку-өндірістік шеберханаларда және асханада халыққа ақылы қызмет көрсету.

12.4. Білім алушы шарт жасасу кезінде бүкіл оқу кезеңіне шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңментелеген ретте төлем сомасы жалақының ұлғауы жағдайында және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен жиі емес өзгертілуі мүмкін.

XIII. Колледждің құрылымы, басқару органдарының құрастырылу тәртібі, олардың құзыretі және қызметін ұйымдастырудың тәртібі

13.1. Колледжді басқару Қазақстан Республикасының заннамасына, тиісті ұлгідегі білім беру ұйымы қызметінің ұлгілік ережелері мен Колледждің жарғысына сәйкес жеке-дара басқару және алқалылық принциптерімен жүзеге асырылады.

13.2. Жоғары басқару органы колледж Құрылтайшысы болып табылады, колледждің оку-ісі жөніндегі кез келген сұраптарымен шешім қабылдайды.

13.3. Басқарудың (Құрылтайшы) Жоғарғы органдарының айрықша құзыretіне мына мәселелер жатады:

- колледж директорын тағайындау және қызмет мерзімі мен өкілеттігін анықтау;
 - колледждің жалпы дамыту саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру;
 - колледждің құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар қабылдап, енгізу;
 - колледжді өз бетінше қайта ұйымдастыру және тарату жайлыш шешім қабылдау;
 - колледж жұмысшыларының штат кестесін бекіту;
 - кәсіптер мен мамандықтар тізбесін бекіту бойынша кәсіби дайындық пен кәсіптік білім беру;
 - ақылы білім беру қызметтерінің мөлшерін анықтау;
 - орындаушы органдарының қаржылық есептілігін ұсыну тәртібін және мерзімділігін анықтау, сонымен қатар бақылау органдарының тексеріс жүргізу тәртібі және нәтижелерін бекіту;
 - ревизорларды тағайындау;
 - жылдық есеп бекіту;
- белгіленген заннамалық актілер шегінде колледждің басқа занды тұлғалар құру және қызметіне қатысу, сонымен қатар филиалдар құру және өкілдіктер ашу, олардың мекен жайын анықтап, басшыларын тағайындау.

13.4. Колледжді тікелей басқаруды оның басшысы – директор жүзеге асырады. Колледждің директоры Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

13.5. Колледждің басшысы лауазымының атауы, Колледждің алқалы органдарының құзыretі, құрылу және қызметінің тәртібі, олардың арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату тиісті ұлгідегі Колледждің қызметінің ұлгілік ережелерімен айқындалады және оның жарғысымен бекітіледі.

13.6. Колледже алқалы басқару органдары құрылады.

Колледжде алқалы басқарудың нысандары, оларды сайлау тәртібімен қоса, жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелерін білім беру саласындағы өкілетті орган бекітетін білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңес, педагогтік, әдістемелік (оку-әдістемелік, ғылыми әдістемелік) кеңестер және басқа да нысандар бола алады.

13.7. Өнеркәсіптік кеңес (бұдан әрі – ӨК) кеңес беруші орган болып табылады. ӨК қызметінің негізгі мақсаты – колледже жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы және стратегиялық қажеттілігі бойынша кеңестер мен ұсыныстар беру. Комитет отырысы төрағаның, колледж өкілінің немесе оның мүшелерінің өтініші бойынша жиірек кездесулер өткізу мүмкіндігімен жылына кемінде бір рет өткізіледі.

13.8. Қызметкер мен Колледждің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заннамасымен реттеледі.

Колледждің директоры Қазақстан Республикасының зандарына берілген тәртіппен:

- 1) Колледж білімалушыларының, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;
- 2) Өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындағаны;
- 3) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын бұзғаны;
- 4) Колледж білімалушыларының, қызметкерлерінің оқу және тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және акша қаражаттарын нысаналы пайдаланбаганы;
- 6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында өзге де бұзғаны үшін жауптылықта болады.

XIV. Колледжді қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шарты

14.1. Колледжді қайта ұйымдастыру және оның қызметін тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заннамасымен көзделген шарттарымен және тәртіппен жүзеге асырады.

XV. Таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібі

15.1. Колледж таратылған кезде несие берушілердің талаптарын қанағаттандырганнан кейін қалған мүлкі жарғыда көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

XVI. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

16.1. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды құрылтайшы енгізеді. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Колледж ол туралы юстиция органына бір айдың ішінде хабарлайды.

Құрылтайшы



Болатбаева Т.А.

Утвержден
Решением Учредителя № 1
от « 25 » марта 2022г.



УСТАВ

учреждения

«Инновационный колледж педагогики и сервиса «Асмет Улас»»

Организационно-правовая
форма

Учреждение

Вид собственности:

Частная

Место нахождения:

130000, Республика Казахстан,
Мангистауская область, город Актау,
17 микрорайон, здание № 88

г.Актау 2022 г.

I. Общие положения

1.1. Данный устав регламентирует деятельность юридического лица – некоммерческой организации, учрежденной в организационно-правовой форме учреждения, далее именуемого как «Колледж», полное наименование которого указано ниже.

1.2. Колледж создан в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «Об образовании», «О некоммерческих организациях».

1.3. Наименование Колледжа:

На государственном языке: ««Асмет Ұлас» педагогика және қызмет көрсету инновациялық колледжі» мекемесі.

На русском языке: учреждение «Инновационный колледж педагогики и сервиса «Асмет Улас»».

1.4. Место нахождения Колледжа:

130000, Республика Казахстан, Мангистауская область, город Актау, 17 микрорайон, здание № 88

1.5. Учредителем Колледжа является Болатбаева Тлектес Аманкосовна, гражданка Республики Казахстан, удостоверение личности № 017880212 выдано МЮРеспублики Казахстан 07.01.2005 года, место проживания: город Жанаозен, микрорайон «Астана», улица М.Дулатова, дом №9.

II. Организационно-правовая форма.

2.1. Колледж является юридическим лицом, обладает полной хозяйственной самостоятельностью, действует на основе самофинансирования и самоуправления, имеет самостоятельный баланс, печать со своим наименованием, символику, штампы, счет в банках.

2.2. Колледж для осуществления своей деятельности имеет право:

- заключения гражданских сделок;
- заключать договора с юридическими и физическими лицами;
- приобретать имущество и недвижимость;
- выступать истцом и ответчиком в судебных органах;
- самостоятельно формировать структуру учебного заведения, определять формы учебных занятий, методику преподавания;
- открывать филиалы, учебно-консультативные пункты в других городах;
- открывать лицеи, школы, детские дошкольные и внешкольные учреждения, учебно-консультационные пункты по подготовке, переподготовке и повышению квалификации рабочих специалистов среднего звена;
- разрабатывать учебники, учебные пособия, учебно-методическую документацию, учебные планы и программы;
- осуществлять предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижению уставных целей в соответствии с законодательством РК;
- вести гуманитарную деятельность.

III. Предмет и цель деятельности Колледжа

3.1. Предметом деятельности Колледжа является реализация общеобразовательных учебных программ общего среднего образования и профессиональных учебных программ технического и профессионального, послесреднего образования.

3.2. Целью деятельности Колледжа является подготовка квалифицированных специалистов технического и обслуживающего труда по основным направлениям общественно-полезной профессиональной деятельности.

